Исх. № 4799-25-5-18/910 от 25.07.2025, Вход № 172 от 28.07.2025

# Қ А У Л Ы

22 шілде 2025 жыл №4799-25-00-2а/633 Ақтау қаласы

Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші Қ.Қ.Сағындықова,

алқа судьялары А.А.Молбаева, Н.М.Примашев болып,

хатшылықта А.Сактаганова отырып,

прокурор А.Дюсенованың,

талап қоюшының өкілі Б.Маратұлының,

жауапкердің өкілі А.Астаевтың қатысуларымен,

облыстық соттың ғимаратында, үн-бейне жазу құрылғыларын қолдана отырып,

«Ақтау қалалық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Акмолатранстехмонтаж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, ақша өндіру жөніндегі азаматтық ісі бойынша қабылданған

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылдың 5 мамырындағы шешіміне жауапкердің берген апелляциялық шағымымен келіп түскен азаматтық істі қарап

# А Н Ы Қ Т А Ғ А Н Ы:

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, оған алдын-ала төленген ақшаны өндіру жөнінде сотқа талап қоюын жолдап, онда жауапкер себепсіз негіздермен мемлекеттік сатып алу туралы шартта көрсетілген міндеттемелерді тиісінше орындамаған деп көрсеткен.

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылдың 5 мамырындағы шешімен «Акмолатранстехмонтаж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылып, одан мемлекет пайдасына 800 000 (сегіз жүз мың) теңге, 50 667 614 (елу миллион алты жүз алпыс жеті мың алты жүз он төрт) теңге және 1 545 994 (бір миллион бес жүз қырық бес мың тоғыз жүз тоқсан төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілген.

Бірінші сатыдағы соттың шешімімен жауапкер «Акмолатранстехмонтаж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі келіспей, апелляциялық шағым жолдап, онда сот шешімінің күшін жойып, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Апелляциялық шағымды қанағаттандыру жөніндегі жауапкердің өкілі А.Астаевтың, шағымды қанағаттандырмау жөніндегі талап қоюшының өкілі Б.Маратұлының өтініштерін, шешімді өзгеріссіз, шағымды

Рег.№ 172 Рег.дата 28.07.2025 Копия электронного документа. Дата: 28.07.2025 11:22. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Құжатқа қол қойылған: Сағындыкова К. К., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Молбаева А. А., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Примашев Н. М., 24.07.2025
Рег.№ 172 Рег.дата 28.07.2025 Копия электронного документа. Дата: 28.07.2025 11:22. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

қанағаттандырусыз қалдыру жөніндегі прокурор А.Дюсенованың қорытындысын тыңдап, істегі дәлелдемелерді зерттеп, оларға тиісті баға беріп, сот алқасы шешім төмендегі негіздермен өзгеріссіз қалдырылуға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 427 бабының 1 бөлігінің 1, 2, 3, 4, 5 тармақтарына сәйкес апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға немесе оны өзгертуге іс үшін маңызы бар мән-жайлар шеңберінің дұрыс анықталмауы және дұрыс айқындалмауы; бірінші сатыдағы сот белгіленген іс үшін маңызы бар мән-жайлардың дәлелденбеуі; бірінші сатыдағы сот шешімінде баяндалған қорытындылардың істің мән-жайына сәйкес келмеуі; материалдық нормалардың немесе іс жүргізу құқығы нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы; сот отырысының хаттамасын жүргізу міндеттілігі осы Кодексте көзделген сот отырысы, жеке процестік әрекет хаттамасының істе болмауы негіз болып табылады.

Бұл істі қарау барысында бірінші сатыдағы сот осы бапта көрсетілген заң бұзушылықтарға жол бермеген.

Сотта анықталғандай, 2023 жылы 29 тамызда №49/23 санды тараптар араларында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарты жасалған.

Шартқа сәйкес жауапкер 4 ай ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат алғаннан кейін «Ақтау қаласының 15 шағын аудандағы №52 үйден №4 тұрғын үйге дейінгі ДУ 450 кәріз коллекторын қайта құрылымдау» жұмыстарын жүргізуге міндеттенген.

Содан соң, бірнеше рет қосымша келісімдер жасалып, шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізілген.

18 қазан 2024 жылы тараптармен осы шартқа № 5 қосымша келісім жасалып, келісім шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Осы келісім аумақтық қазынашылық органында тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 31 желтоқсан 2025 жылға дейін әрекет етіп, жауапкер 4 ай ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат алғаннан кейін жұмыстарды 31 қаңтар 2025 жылға дейін аяқтауы тиіс болатын.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі АК) 616-бабының 1-тармағына сай мердігерлік шарты бойынша бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырысшының) тапсырмасы бойынша белгілі бір жұмысты атқаруға және белгіленген мерзімде оның нәтижесін тапсырысшыға өткізуге міндеттенеді, ал тапсырысшы жұмыс нәтижесін қабылдап алуға және оған ақы төлеуге (жұмыстың бағасын төлеуге) міндеттенеді. Егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, жұмыс мердігердің тәуекелімен орындалады.

Осы кодекстің 272-бабының талабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай

Құжатқа қол қойылған: Сағындыкова К. К., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Молбаева А. А., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Примашев Н. М., 24.07.2025
Рег.№ 172 Рег.дата 28.07.2025 Копия электронного документа. Дата: 28.07.2025 11:22. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Шарттың 4.1-тармағының 1 тармақшасында, мердігер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттеледі.

Осы тармақтың 8 тармақшасында мердігердің шарт талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе өзге заңсыз іс-әрекеттермен келтірген шығындарды тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

Бұл іс бойынша тараптар араларында жасалған шарт және оған қосымша келісімдер бойынша шарт 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады, бірақ жауапкер жұмысты 31 қаңтар 2025 жылы аяқтауы тиіс болған.

Алайда, жауапкер шарт бойынша өз міндеттемесін толық орындамаған және шартта көрсетілген 187 657 828,96 теңгенің жұмыстарының тек 800 000 теңге болатын жұмыстарды орындаған.

Тапсырыс берушімен жауапкерге аванс ретінде 50 667 614 теңге аударылған болатын, алайда, 800 000 теңгеге ғана жұмыстар орындалып, талап қоюшы оны төлеген.

Бұл мән-жайлар тараптармен қағаз жүзінде қол қойылған орындалған жұмыстар актісімен расталады және оны жауапкер өкілі жоққа шығармайды.

АПК-нің 79-бабының 2-бөлігіне сәйкес бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады. Тарап мойындаған факті сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Егер фактіні мойындау жазбаша арызда не электрондық құжат нысанында баяндалған болса, ол іске қоса тіркеледі.

Сондықтан бірінші сатының соты жауапкердің жұмысты бастауға мүмкіндігінің болмағаны жөніндегі уәждерін негізсіз деп тапқан.

Техникалық қадағалау қызметін жүргізетін «KZ Құрылыс Сапа» мекемесінің 20 қыркүйек 2024 жылғы хаты бойынша жауапкер тарапынан жұмыс әлі күнге дейін жөнді жүргізілмеген, бар болғаны 100 метр құбыр төселіп, 3 құдық салынған.

Бұл жағдай жауапкердің әрі қарай жұмыстар жалғастыруға мүмкіншілігі болғанын көрсетеді деген бірінші сатының тұжырымы дұрыс.

Құжатқа қол қойылған: Сағындыкова К. К., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Молбаева А. А., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Примашев Н. М., 24.07.2025
Рег.№ 172 Рег.дата 28.07.2025 Копия электронного документа. Дата: 28.07.2025 11:22. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

АК-нің 628-бабының 1, 3-тармақтарына сәйкес мердігер: тапсырысшы берген материалдардың, жабдықтардың, техникалық құжаттаманың немесе өндеуге берілген заттың жарамсыздығы немесе сапасыздығы; оның жұмысты атқару әдісі туралы нұсқауларын орындаудан тапсырысшы үшін болуы ықтимал қолайсыз салдарлар; орындалатын жұмыс нәтижелерінің жарамдылығына немесе беріктігіне қауіп туғызатын не оны мерзімінде аяқтауға мүмкіндік бермейтін мердігерге қатысты емес өзге де мән-жайлар анықталған жағдайда тапсырысшыға дереу ескертіп, одан нұсқау алғанға дейін жұмысты тоқтата тұруға міндетті.

Егер тапсырысшы осы баптың 1-тармағында аталған мән-жайлар туралы мердігер тарапынан уақытылы және негізделген Ескерту алғанына қарамастан, қисынды мерзімде жарамсыз және сапасыз материалды ауыстырмаса, жұмысты орындау әдісі туралы нұсқауды өзгертпесе немесе жұмыстың жарамдылығына немесе беріктігіне қауіп төндіретін мән-жайларды жою үшін басқа да қажетті шаралар қолданбаса, мердігер шарттан бас тартуға және оның тоқтатылуынан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

Олай болса, жауапкер шарт бойынша жұмыстарды орындай алмаса шарттан бас тартуға құқылы болған. Алайда, жауапкер шарттан бас тартпай, оны орындамай, шарттың орындау мерзімін өткізіп алған.

АК-нің 627-бабының 2-тармағы бойынша егер мердігер шартты орындауға уақытылы кіріспесе немесе жұмысты соншалықты баяу орындап, оны мерзімінде аяқтау көрінеу мүмкін болмаса, тапсырысшы шарттан бас тартуға және шеккен залалдарын өтеуді талап етуге құқылы.

Бұндай жағдайда соттың жауапкерден мемлекет пайдасына алдын ала төленген ақшаны және шеккен шығынды өндіруі заңды.

Сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қоюды сотқа жолдаған, сондықтан мерзімнің өтіп кеткендігі жөніндегі жауапкердің уәждері негізсіз, талап қою мерзімі бұзылмаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 224 бабының 1 бөліміне сәйкес сот шешімі заңды және негізді болуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Азаматтық істер бойынша сот шешімі туралы» Нормативтік қаулысының 5 тармағына сәйкес шешім іс жүргізу құқығының нормалары сақтала отырып және осы құқықтық қатынасқа қолдануға жататын материалдық құқық нормаларына толық сәйкестікте шығарылғанда немесе ұқсас қатынасты реттейтін заңның қажетті

Құжатқа қол қойылған: Сағындыкова К. К., 25.07.2025

Құжатқа қол қойылған: Молбаева А. А., 25.07.2025

Құжатқа қол қойылған: Примашев Н. М., 24.07.2025

Рег.№ 172 Рег.дата 28.07.2025 Копия электронного документа. Дата: 28.07.2025 11:22. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

негіздерін қолданғанда не азаматтық заңнаманың жалпы бастауларынан және мәнінен, адалдық, парасаттылық пен әділдік (Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 5-бабы және АПК-нің 6-бабы) талаптарынан туындағанда, заңды болып табылады.

Іс үшін маңызы бар фактілер, заң талаптарына сай сот отырысында өндірілген осы фактіге қатысты жол берілген және шынайы дұрыс дәлелдермен құпталса немесе дәлелдеуді қажет етпейтін жалпыға мәлім мән-жайларға сәйкес келсе немесе іс бойынша жинақталған дәлелдемелер дауды шешу үшін жеткілікті болса, ондай шешім негізді болып саналады.

Бұл іс бойынша қабылданған шешім заң мен қаулының талаптарына сәйкес, негізді қабылданған.

АПК-нің 426 бабының 2 бөліміне сәйкес жаңа дәлелдердің болмауына байланысты апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты қанағаттандырусыз қалдырылған кезде қаулының уәждеу бөлігінде бірінші сатыдағы соттың шешіміне өзгерістер енгізу не оның күшін жою үшін осы Кодексте көзделген негіздердің жоқ екендігі ғана көрсетіледі.

Сонымен қоса, жауапкер өкілінің жұмысты атқаруға кедергілердің болғаны, ол жөнінде талап қоюшыға ескертілгені жөніндегі уәждері негізсіз, өйткені жұмысты жүргізуге кедергі болмаған, жауапкердің уәжінде көрсетілген уақытша құрылысты алып тастауға болатын, бірақ атқарылған жұмыс уақытша құрылыстың тұрған жерінен әлдеқайда алыс болған, яғни ешқандай кедергілер болмаған.

Олай болса сот шешімі өзгеріссіз, жауапкердің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады.

Айтылғандар негізінде және Қазақстан Республикасы АПК-нің 424 бабының 1 бөлігінің 1 тармағын басшылыққа алып сот алқасы

Қ А У Л Ы Е Т Т І:

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылдың 5 мамырындағы шешімі өзгеріссіз, жауапкер «Акмолатранстехмонтаж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жарияланған күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар, іске қатысушы басқа да тұлғалар қаулымен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 435, 436, 441 баптарына сәйкес алты ай мерзім ішінде азаматтық істер жөніндегі кассациялық сотқа шағым және прокурормен өтінішхат беруге болады.

Төрағалық етуші Қ.Қ.Сағындықова

Судьялар А.А.Молбаева

4799-25-3-2/636

Н.Примашев

Құжатқа қол қойылған: Сағындыкова К. К., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Молбаева А. А., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Примашев Н. М., 24.07.2025
Рег.№ 172 Рег.дата 28.07.2025 Копия электронного документа. Дата: 28.07.2025 11:22. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Құжатқа қол қойылған: Сағындыкова К. К., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Молбаева А. А., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Примашев Н. М., 24.07.2025
Рег.№ 172 Рег.дата 28.07.2025 Копия электронного документа. Дата: 28.07.2025 11:22. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

## ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

**I.** Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

**II.** Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

**III.** Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

**IV.** Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911

**Подпись канцелярии**
25.07.2025 18:22 ЕЛДАШБАЕВА КЫЗЫЛГУЛЬ
**Подпись руководителя**
25.07.2025 18:13 БАКЫТЖАНОВА ГУЛАЖАР

Кұжатка қол қойылған: Сағындыкова К. К., 25.07.2025
Кұжатка қол қойылған: Молбаева А. А., 25.07.2025
Кұжатка қол қойылған: Примашев Н. М., 24.07.2025
4799-25-3-2/636
Рег.№ 172 Рег.дата 28.07.2025 Копия электронного документа. Дата: 28.07.2025 11:22. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Құжатқа қол қойылған: Сағындыкова К. К., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Молбаева А. А., 25.07.2025
Құжатқа қол қойылған: Примашев Н. М., 24.07.2025

| | |
|---|---|
| **Тип документа** | Входящий документ |
| **Номер и дата документа** | № 172 от 28.07.2025 г. |
| **Организация/ отправитель** | МАНГИСТАУСКИЙ ОБЛАСТНОЙ СУД, РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ СУДЕБНОЙ АДМИНИСТРАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ» |
| **Получатель (-и)** | АКТАУСКИЙ ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА |
| **Электронные цифровые подписи документа** | Республиканское государственное учреждение "Департамент Судебной администрации Республики Казахстан по Мангистауской области"<br>Подпись руководителя: БАКЫТЖАНОВА ГУЛАЖАР<br>MIIWIQYJ...KT28sMpQ=<br>Время подписи: 25.07.2025 18:13 |
| | Республиканское государственное учреждение "Администратор судов по Мангистауской области Департамента по обеспечению деятельности судов при Верховном Суде Республики Казахстан (аппарата Верховного Суда Республики Казахстан)"<br>Подпись канцелярии: ЕЛДАШБАЕВА КЫЗЫЛГУЛЬ<br>MIIXugYJ...MjEPCQGE3<br>Время подписи: 25.07.2025 18:22 |
| | ЭЦП канцелярии: Жумагулова Мәдина Есендикқызы<br>без ЭЦП<br>Время подписи: 28.07.2025 09:25 |

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Рег.№ 172 Рег.дата 28.07.2025 Копия электронного документа. Дата: 28.07.2025 11:22. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП